



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Кеңес жұмысының бағыты талқыланды сапар

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің (АӨСШК) бас хатшысы Қайрат Сарыбай Мәскеуге жұмыс сапарымен барып, Ресей Сыртқы істер министрі Сергей Лавровпен кездесті. Сондай-ақ бірқатар жоғары лауазымды тұлғамен консультациялық келіссөз жүргізді. Аталған елдегі іскерлік және ғылыми топ өкілдерімен әңгімелесті.

С.Лавровпен әңгімелесу барысында АӨСШК кеңістігінде болып жатқан үдерістер, осы алаңды одан әрі дамыту перспективалары, сондай-ақ Ресейдің АӨСШК-ге қатысуы мен үлесі талқыланды. Министр Ресейдің Кеңес жұмысына қолдау көрсететінін растады. Өз кезегінде Қ.Сарыбай Ресейдің АӨСШК аясындағы қызметін, Кеңесті нығайтуға және оны толыққанды халықаралық ұйымға айналдыруға бағытталған көптеген бастамасын жоғары бағалады.

Бұдан кейін Қ.Сарыбай Ресей Сыртқы істер министрінің орынбасары Андрей Руденкомен, Сыртқы істер министрлігінің Азия-Тынық мұхиты ынтымақтастығы директоры Алексей Овчинниковпен кездесті. Екіжақты әңгіме барысында VI саммит кезінде қабылданған шешімге сәйкес АӨСШК трансформациялау жұмысын жүзеге асыру жолдары, оның келешегі және кезеңдері егжей-тегжей талқыланды. Кездесуде АӨСШК-нің заманауи геосаяси ортадағы бірегей рөліне ерекше мән берілді. Сонымен қатар икемді көзқарасы да ерекше атап өтілді.

Тараптар жүзеге асырылатын реформаларға қатысты көзқарасы мен ұстанымы ортақ екеніне назар аударып, жүр-



гізіліп жатқан жұмыстарға көңілі толатынын жеткізді. АӨСШК-нің биылға жоспарланған іс-шаралары талқыланды. Атап айтқанда, Астанада өтетін волонтерлік қозғалыс мәселелеріне арналған АӨСШК Жастар кеңесінің отырысы талқыланды. Сондай-ақ Кеңестің қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша министрлер кездесуіне дайындық барысы сөз болды. Бұдан бөлек, 2024 жылдың екінші жартысында өтетін Іскерлік кеңес пен Бизнес форумның отырыстары әңгіме арқауына айналды. АӨСШК аясындағы өзара іс-қимылдың басқа да өзекті мәселелері қозғалды.

Ресей Сыртқы істер министрінің орынбасары Александр Панкинмен кездесуде Кеңес перспективалары талқыланды. Еуразия құрлығындағы көпжақты механизмдер мен халықаралық ұйымдардың өзара әрекеттесуінің қалыптасып келе жатқан желілік құрылымы сөз болды. Тараптар АӨСШК-нің өзара байланысты дамытудағы маңызды рөлі, соның ішінде экономикалық, технологиялық, гуманитарлық, мәдени және басқа да байланыстарды нығайтудағы орнына назар аударды.

Бас хатшы Ресей Сыртқы істер министрінің орынбасары Михаил Богдановпен кездесуінде Батыс Азия аймағындағы ахуалды талқылап, қақтығысты бәсеңдету және тұрақтылық келісіміне қол жеткізу үшін мүдделі тараптар арасында диалог орнатудағы АӨСШК әлеуетін талқылады.

Ресей Сыртқы істер министрлігі Екінші Азия департаментінің директоры, Ресей президентінің Ауғанстан бойынша арнайы өкілі Замир Кабуловпен әңгіме барысында Кеңеске мүше мемлекет Ауғанстанды халықаралық қатынастар жүйесіне қайтару бағытында пікір алмасты. Ұйымның осы елге көмектесу жөніндегі халықаралық күш-жігерге үлесі айтылды.

Бас хатшы Қ.Сарыбай Ресейдегі жетекші бұқаралық ақпарат құралының бірі «Российская газета» басылымына кең көлемде сұхбат берді.

«Созақ үні»-ақпарат.



Қатаң талаптан басталған жұмыс

Премьер-министр Олжас Бектенов Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев берген тапсырмаларды іске асыру мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Қаржы-экономикалық блок министрлерін тыңдап болған соң, Премьер-министр бюджет шығыстары толығымен экономикалық табыс әкелуге бағытталып, өнімсіз шығыстар толығымен жойылуы керектігін атап өтті.

«Қаржы министрлігі 10 күн ішінде республикалық бюджетке және бір ай ішінде жергілікті бюджеттердің барлығына ревизия жүргізіп, аса маңызы жоқ шығыстарды айтарлықтай қысқартуға тиіс. Ешкім де ақшаны орынсыз шашпауы керек», деді Олжас Бектенов.

Сонымен қатар Премьер-министр Салық кодексінің жобасын қайта жазып, оның философиясын өзгерту қажеттігін атап өтті.

«Сарапшылар мен бизнес қоғамдастықтарының пікірлерін ескеру қажет. Салық кодексі бизнестің белсенді болуына жағдай жасап, оны ұлғайтуға ынталандыруы керек», деп тапсырды ол.

Олжас Бектеновтің айтуынша, құжатты дайындау кезінде әкімшілендіруді толық цифрландырып, салық жеңілдіктерін беру мәселесін реттеу қажет.

Жалпы, Премьер-министр бизнеске фискалдық шығындар мен әкімшілік жүктемелерден қорықпай, «өсу» қағидаты бойынша жұмыс істеу үшін тиімді жағдай жасау қажеттігін атап өтті.

Үкімет басшысы өнеркәсіптік дамуға жаңа серпін беру үшін бірқатар нақты міндеттерді белгілеп, бірін-

ші вице-премьер Роман Склярға 10 күн ішінде барлық ірі өнеркәсіп кәсіпорны иелерімен, бірінші кезекте өндіруші салалардағы кәсіпорындармен келіссөздер жүргізуді тапсырды.

«Олар жақын арада жаңа жоғары дәрежеде өңдеу өндірістерін құрудың нақты жоспарларын ұсынулары керек», деді Олжас Бектенов.

Бұл ретте Премьер-министр отандық өнеркәсіп саласындағы алпауыт кәсіпорындар қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды түбегейлі арттыруға тиіс екенін атап өтті. Олармен тиісті келісімдер жасалмақ.

Құрылыс саласының тұйықталған мәселелерін талқылай отырып, Премьер-министр отандық өндірушілердің өнімдерін кеңінен қолданудың маңыздылығын атап өтті.

«Барлық металдық құжаттарға қазақстандық құрылыс материалдары мен басқа да заттар енгізілуіне тиіс. Сондай-ақ металдық құжаттамаларға материалдар мен жұмыстардың құнын орынсыз жоғарылатып жіберуге қатысты тексеру жүргізіңіздер. Сметалардың құны көтеріліп кететіні баршаға мәлім. Бұл мәселеде де тәртіп орнату керек», деді Олжас Бектенов.

Сондай-ақ Үкімет басшысы өнеркәсіптік кәсіпорындарды энергиямен сенімді түрде қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті. Президенттің тапсырмасы бойынша биыл 700 МВт-тан астам қосымша генерацияны іске қосу қажет. Олжас Бектенов тапсырма орындалмаған жағдайда тиісті қорытындылар жасалатынын атап өтті.

Су ресурстарымен қамтамасыз ету мәселесіне қа-

тысты Премьер-министр жауапты министрлікке экономика салаларында суды ұтымды тұтыну жөніндегі шаралар кешенін дайындауды, сондай-ақ су пайдалану мәдениетін енгізу жөніндегі жұмыстарды пысықтауды тапсырды.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салуға қатысты Үкімет басшысы бір ай мерзімде жеке инвестициялар тарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуді талап етті.

«Ұсыныстар жалпы көзқарастарды ғана емес, әлеуетті инвесторлары мен іске асыру мерзімдері бар нақты жобаларды білді-

реді», деп атап өтті Премьер-министр.

Әлеуметтік блок мәселелеріне тоқталған Олжас Бектенов ең алдымен МӘМС жүйесін реформалау қажеттігіне назар аударды.

«МӘМС жүйесі елеулі қайта форматтауды қажет етеді деп санаймын. Қаражатты тиімсіз жұмсау мен артық жалған тіркеулер бола тұра оны қаржыландыруды ұлғайтуға жол берілмейді. Сала толық цифрландыру мен ашықтықты талап етеді», деді Премьер-министр.

Отырыс барысында Үкімет басшысы цифрлық трансформацияны жүргізу, көлік және ауыл шаруашылығы салаларын дамыту, «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобаларын іске асыру, сондай-ақ азаматтарды әлеуметтік қолдау, мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік-жеке-шелік әріптестік тетіктерін реформалау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

«Біз батыл әрекет ететін Үкімет боламыз. Бізге өсу қарқынын тиімді ұлғайту, экономиканы әртарапандыруды белсендірек жүргізу, инвестиция тарту және барлық міндеттерді шешу үшін жеткілікті өкілеттіктер берілді», деп атап өтті Олжас Бектенов.

Оның айтуынша, формализм мен бюрократиялық сарсаңға салуды толығымен жоя отырып, стереотиптерден арылу қажет.

«Министрлер өз бетінше шешім қабылдай білуге тиіс, салалық мәселелерді өз деңгейінде жедел шешулері қажет. Жұмыс қарқыны жоғары, талап қатаң болатынын әркім түсінуге тиіс», деп қорытындылады сөзін Премьер-министр.



Салтанатты шараға арнайы келген белгілі журналист, қарымды қаламгер Есенкүл Көшербаева, Түркістан облысы бойынша «Әйелдер күштері» Альянсының төрайымы Жаннета Жазықбаева және Түркістан облыстық Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Салтанат Төлегенова өздерінің жүрек жарды лебіздерін арнап, зор қошеметтерін білдірді.

«Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова шараның маңыздылығына айрықша тоқталып, бірлес-

«БАҚ-НҰРЫ» ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 10 ЖЫЛ

«Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің 10 жылдық мерейтойы мерекеленді. Бірлестік әр саланың майталман мамандарынан және кәсіпкер әйелдер мен іскер қыз-келіншектерден құралған. Әр жылы аудан аумағындағы 200-ден астам батыр аналар мен, ардақты әжелерге түрлі сыйлықтар үлестіріп, түрлі қоғамдық шараларға белсене араласып келеді.

Салтанатты шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысып, ұйым мүшелеріне әрбір атқарып келген игі шаралары үшін алғыс айтып, мерейлі мерекелерімен құттықтады.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, облыстық мәслихат депутаты Бегімбет Байғараев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов және аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Гүлдана Бигондиева ізгі тілектерін арнап, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Қоғамдық бірлестік мүшелеріне «Іскер» төсбелгісі және облыс әкімінің, аудан әкімінің, облыстық және аудандық мәслихат аппаратының алғыс хаттары табыстылып, құрмет көрсетілді.

тіктің бүгінге дейінгі атқарған жұмыстарын бейнелейтін роликті көпшілік назарына ұсынды.

Айта кеткен жөн, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігі заңды тұлға ретінде тіркеліп, қайырымды, белсенді қыз келіншектерден құралған. Ұйым арнайы түзілген іс-шара жоспарына сәйкес түрлі шараларды жүзеге асырады. Ұйымның әрбір мүшесі атқарылып жатқан қайырымдылық, қамқорлық шараларына, акцияларға, қоғамдық іс-шараларға өз еріктерімен, мейірімді жүректерімен атсалысады.

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ПЫСЫҚТАДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Жартытөбе ауылдық округіне арнайы жұмыс сапарымен барды. Бабата және Аққолтық елді мекендерінің іргесінде орналасқан су өткізгіш құбырлар мен бөгеттердің жай-күйін бақылауына алды.

Ауылдық округ әкіміне еріген қар мен жауын-шашын сал-



дарынан жиналған су ағатын қашыртқы арықтарды кеңейтіп, алдағы уақытта жиналған сулардың кедергісіз ағып өтуін назарда ұстауды қатаң ескертті. Сонымен қатар, елді мекендердің маңынан нақтыланған орындарға қосымша қашыртқы арықтар салу ісіне де кірісуді тапсырды. Сондай-ақ, ең бастысы тұрғындар қауіпсіздігі болғандықтан, қажет болған жағдайда түнгі ауысымға кезекшілік кестесін бекітіп, кез келген жағдайдың алдын алу керектігін де тілге тиек етті.

Сонымен қатар, аудан басшысы биылғы жылы Абай елді мекенінде атқарылу керек жұмыстардың жай-жапсарын да назардан тыс қалдырмады. Елді мекенге барып, ондағы өзекті мәселе тұрғындарды электр жарығымен тұрақты қамту болғандықтан қосалқы станция салу ісін талқылап, жауаптыларға бұл бойынша атқарылу керек міндеттер жүктелді.

Жұмысшы топ отырысы өтті

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Түркістан облысы әкімінің кеңесшісі - терроризмге қарсы комиссия аппаратының жетекшісі Абулхайров Илхамның төрағалығымен терроризмге қарсы комиссияның кезекті жиыны өтті. Жиынды аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов ашып, жүргізіп отырды.

Түркістан облысы әкімі аппаратының терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімінің

Раймқұлов хабарласа, аудан әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия қызметінің жұмыс барысы және осы бағыт бойынша биылғы жылға арналған жұмыс жоспары туралы Созақ ауданы әкімі аппараты заң бөлімінің басшысы, аудандық терроризмге қарсы комиссия хатшысы Ұлжан Жақсылыққызы баяндады.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша ұсыны-

«ЖЫЛ ҮЗДІГІ» НОМИНАЦИЯСЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Облыс орталығындағы «Фараб» кітапханасында өткен жылы атқарылған жұмыстар бойынша облыстық қорытынды кеш өтті. Жиынды облыстық мәдениет және туризм басқарма-



сы басшысының орынбасары Әділ Қонысбеков ашып берді. Өз сөзінде кітапханашылардың атқарған жұмыстарына жоғары баға беріп, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Салтанатты шара жыл үздіктерін марапаттаумен жалғасты. Әртүрлі номинация бойынша аудандық кітапханалар жұмысы бағаланып, үздіктер анықталды. «Кітап Саяхаты -2023» Шежірелі өлкеден-Рухани темірқауыққа акциясы аясында өткізілген облыстық байқаудың қорытындысы бойынша жоғары нәтижелі жұмыстары үшін Созақ аудандық кітапханасы «Жыл үздігі» атанды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



4 ЖЕРГЕ ЖАҢА БАЗАЛЫҚ СТАНЦИЯ ОРНАТЫЛУДА

Аудан аумағында ұялы байланыс пен интернеттің сапасын арттыру шаралары күшейтілуде. Бұған дейін аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков салаға жауапты мамандарға тұрғындарды заман талабына сай сапалы интернет желісімен қамту бойынша нақты міндеттер жүктеген болатын. Жүктелген тапсырмалар аясында «Kcell» АҚ-на арнайы ұсыныс хат жолданып, интернет сапасын анықтау мақсатында талдау жұмыстары жүргізілді.

Бүгінгі таңда аудан орталығындағы Е.Өмірбеков пен С.Төлендіұлы көшелерінің бойына, Жібек Жолы-2 көшесінің төменгі тұсына және «Абай» саябағының жаны мен Қайнар елді мекеніне Kcell/activ абанентінің 4G жаңа базалық станциясы орнатылуда.

Осы ретте, аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы аудан орталығында жүріп жатқан жұмыстардың басында болып, жұмыс барысын өз бақылауына алды. Мердігер мекеме өкілдерімен тілдесіп, тұрғызылған мұнаралардың дауылға қарсы төзімділігі мен сапасына баса мән беруді ескертті. Сонымен қатар, салаға жауапты мамандарға бұл бағыттағы жұмыстар мұнымен шектелмеу керектігін айтып, бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Айта кетейік, өткен жылы Тайқоңыр елді мекеніне Kcell/activ абанентінің 3G жаңа базалық станциясы орнатылды. Бұған қоса Ақсүмбе елді мекенінің базалық станциясы 2G-ден 3G-ге жаңартылып, Қозмолдақ елді мекеніне жаңа мұнара орнатылды. Жергілікті тұрғындарды сапалы байланыс және интернет желісімен қамтуға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады.



бас инспекторы Арман Бақытжанұлы, облыстық дін істері басқармасының басшысы Рүстем Сабыржанұлы, бөлім басшысы Фани Оңалбекұлы мен аудан әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия-ясының жұмыс тобының мүшелері және құзырлы мекеме өкілдерінің қатысуымен өткен жиынның күн тәртібінде 2 мәселе қаралды.

Атап айтсақ, аудан бойынша бүгінгі таңдағы діни ахуал және жеке оңалту шараларының барысы жайында аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан

стар ортаға салынып, кең көлемде талқыланды. Сондай-ақ, осы бағытта атқарылар тиісті шараларды тұрақты түрде іске асыру арқылы ТҚК жұмыстарының сапасын арттыру мәселелері де қозғалды.

Сонымен қатар, ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген Түркістан облысы әкімінің кеңесшісі-терроризмге қарсы комиссия аппаратының жетекшісі Илхам Абулхайров бастаған жұмысшы топ өкілдері аудан орталығындағы орталық мешітке аудан имамдарымен кездесу өткізді.

Мемлекет секілді, мекеме басқаруға да мінез керек

Оқырмандарымыздың есінде болса, 2022 жылдың 25 қаңтар күні аудандық «Сөзақ үні» газетінің кезекті санында «Жаңа Қазақстан қоғамын құрар жас, жаңа есімдер» тақырыбында мақала жариялаған едім. Сол мақаладағы кейіпкерім Шадияр Қалихлы Төлеев есімді білімді де білікті, өз ісінің мықты маманы болатын. Сөйткен Шадияр Қалихлы бүгінгі мақаламның да басты қаһарманы болып отыр. Өздеріңіз білесіздер, әдетте бір еңбек адамы жайлы газетке мақала жазыла қалса, міндетті түрде оның өмірдегі мен еңбек жолы жайлы жазылуы заңдылық. Бұл жолы сол заңдылыққа бір өзгеріс енгізем ба деп отырмын. Себебі, кейіпкерім жайлы айтылатын ой, жазылатын дүние көп. Өзгеріс мынау, егер, кейіпкерім Шадияр Төлеевтің өмірі мен еңбек жолы жайлы ақпаратқа қаныққыңыз келсе, онда жоғарыда айтылған 2022 жылдың 25 қаңтарында аудандық «Сөзақ үні» газетінің кезекті санындағы «Жаңа Қазақстан қоғамын құрар жас, жаңа есімдер» тақырыбындағы мақаламды оқысаңыздар болады. Сонымен, бүгінгі мақаламызға арқау болған жәйт Төлеев Шадияр Қалихлының Сөзақ ауданының ауыз суы мен Таукент және Қыземшек кенттерінің орталықтандырылған жылу мен кәріз жүйелеріне жауапты «Шолақорған Су» МКМ-нің басшылығына келгелі бергі атқарған жұмыстары мен оның қайсыбір қасиеттері еді. Жалпы, Шадияр Қалихлы «Шолақорған Су» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің директорылығы қызметіне 2023 жылдың 17 ақпан күні келген болатын. Содан бері міне табандай 1 жыл уақыт өтіпті, «Шолақорған Су» МКМ-нің кейіпкерім Шадияр Төлеев басшылығына келгенге дейінгі ахуалы сын көтермейтін. Нақтырақ айтсам, мекеменің жылжыту және қызметкерлерінің айлық жалақысына қарызы шаш етекпен деп еститінбіз. Сосын, ауылдар мен екі кенттің халқы да ауыз суға және жылу менен кәрізге қатысты үнемі жергілікті билікке шағымданып, бір жыры бітпейтін. Дегенмен, «Ештен кеш жақсы» деп, аудан жұртшылығының ауыз суы мен екі бірдей кеншілер кентінің жылуына жауапты мекеменің тізгінін өзім үнемі: «мықты маман, мінезді кризис менеджер» деп, мақтауын асырып жүретін Шадияр Төлеев ұстағалы кәдімгідей қуанып қалдым. Себебі, Шадиярды бұл қызметке аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков әкелгенде: «Мұхаң дұрыс таңдау жасады. Шолақорған Су-ды мына кризистік жағдайдан шығарып, жұмысын бір жолға қойса, осы Шадияр Төлеев қояды» деп, үміттенгендердің ішінде мен де бар едім. Содан бері, өзім төрағасы болып табылатын «Ел Мүддесі» ҚБ-нің мүшесі Шадиярменен тығыз байланыста болдым. Әрбір істеген ісін, жасаған жұмысын мұқият бақылап отырдық. Әрине, арада: «Түсінде бастырылып қалған адамға ұсап, 30 жылдан астам уақыт еңсесін тіктей алмаған еңбек ұжымы аяғынан тұрып, жүздеген жанашыр жандардың сенімін ақтар ма екен? деген, алаңдаушылығымыз да болды. Дегенмен, сол, қазақтың марқасқа ақыны Мағжанның: «Мен жастарға сенемін» дегені секілді, біз де Шадиярға, оның ұжымына сендік. Сеніміміз алдамады, ақталды. Жоғарыда айтқанымдай, Шадияр Қалихлы директорылық қызметіне кіріскен 2023 жылдың 17 ақпанына дейінгі «Шолақорған Су» МКМ-нің борышы едәуір болған. Оның да көп бөлігі соған дейін мекемеге электр энергиясын жеткізіп беріп отырған монополист компания «Энергопоток» қа тиесілі болған көрінеді. Аудан әкімдігінің жәрдемімен және жас, жаңашыл, жасампаз басшының біліктілігінің арқасында «Энергопоток» мекемесінің алдындағы қарыздарын жауып, екіжақты келісім-шартты үзеді. Сөйтпін, «ҚазСбыт» компаниясымен келісімшартқа отырып, нәтижеде, тиімді тарифке отыру мен артық холо-

стой ходтарды (трансформатор жұмыс істемей бос тұрғандағы электр энергиясы) алып тастау арқылы мекеме электр энергия шығынын бір жылда белгілі бір мөлшерде қысқартып, әжептәуір қаржы үнемдеген көрінеді. Бұдан бөлек, мекемеде Шадияр келгенге дейін 256 адам қызмет еткен екен. Бұл бағытта да қысқарту жұмыстарын жасап, қазіргі таңда аудан бойынша мекемеде штаттық негізде 178, ал, қоғамдық негізде 30 адам жұмыс жасайтынға ұқсайды. Нәтижеде, өзінің энергетика жағынан кәсіби біліктілігінің арқасында автоматтандыру жүйесін енгізіп, 78 артық жұмыс орнын қысқартқан. Ал енді, бұдан басқа мекеменің ішіндегі ұйымдасқан сыбайлас-жемқорлық, мемлекет мүлкіне жаны ашымаулық секілді дүниелерді сөз етпесек-те болады. Өйткені, бұған қатысы бар азаматтардың барлығы дерлік өз еркімен, еркінен тыс қызметтерінен кеткен көрінеді. Осындай табанды жұмыстар мен қатал реформалардың есебінен мекеме бүгінгі таңда қарызының көп бөлігін жауып, қызметкерлерінің еңбек ақысына қарыздарынан құтылып қапты.

Аудан халқы таза, тиімді әрі тұрақты ауыз суға қол жеткізуде

Үкімет соңғы 32 жылдан астам уақыт халықтың әл-ауқатын, білімі мен денсаулық жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар мақсатты бағдарламаларды қабылдап, жүзеге асырып (асырғансып) келді. Солардан маңызды бірі ауыз су мәселесі еді. Ибн Синаның «Ауру көбінесе ішкен астан пайда болады, әсіресе, ауыз судан болады» деп ескерткеніндей, халық үшін сапалы ауыз суға қолжетімділік күні бүгінге дейін еліміз үшін өзекті мәселе боп келеді. Тіпті, 2011-2020 жылдарға арналған халықты ауыз сумен қамтудың «Ақбұлақ» бағдарламасы да болды. Бірақ бұл бағдарлама мәселені толық шешіп бере алмады. Әлбетте, бұған да сол жемқор жүйе жазықты. Осы ретте, күні бүгінге дейін ауданымыздың бірқатар ауылдары ғана 24 сағаттық таза ауыз суға қол жеткізіп отыр. Олар: Жартытөбе, Аққолтық, Бабата, Ақсүмбе, Қаратау (бұл ауылда ауыз су үйді-үйлерге кірмеген, тек, көшелердің бойында ғана ағып тұр) Қайнар, Жуантөбе, Жыныс ата ауылдары мен Таукент және Қыземшек кенті. Ал енді, ауданымыздың қалған ауылдарында ауыз су құбырлары тартылып, су берілуде. Алайда, түрлі себептермен жергілікті тұрғындар таза ауыз суменен 24 сағат қамтылмаған. Міне, Шадияр басшылығына келгелі осы қалған ауылдарды толыққанды суменен қамтамасыз ету жұмыстары жүрде. Оның бірі, аудан әкімдігінің ЖКХ бөлімінің тапсырысымен Шолақорған ауылына қарасты Наурыз және Ақшам мөлтек аудандарын сумен қамту мақсатында 3 бірдей артезиан құдықтары қазылып, көше-көшелерге су құбырлары тартылып қойды. Бұйырса, биыл қыс шыға бұл мөлтек аудандарға да, 1100 тұрғын үйге таза ауыз су беру жоспарланып отыр. Дегенмен, бұл жоба да Шолақорған ауылы тұрғындарының таза ауыз суға қатысты мүшкілін толықтай шешіп бере алмайтын боп отыр. Сол себепті де қазіргі таңда біз, «Ел Мүддесі» ҚБ-гі аудан әкімі Мұхит Тұрысбековпен болған былтырғы кездесуімізде ауызша және жазбаша берген ұсынысымызда: Көкбұлақ суын Шолақорғанға, Қарабұлақ пен Балдысуға полиэтилен трубалармен тарту, аудан әкімдігі тарапынан қолдау тапқан болатын. Нәтижесінде, аудан әкімдігінің араласуымен демеуші шығып, «Шолақорған Су» МКМ-нің басшысы Шадияр басында жүріп, Көкбұлақ суын Шолақорған мен Балдысу және Қарабұлақ ауылдарына тарту сметалық жобасы әзірленді. Қазіргі таңда жоба құрылыс жұмыста-



Жылыту жүйесінің жұмыстары да жүйеленуде

Жоғарыда «Шолақорған Су» МКМ-нің тек аудан жұртшылығына берілетін ауыз суына ғана емес, Таукент пен Қыземшек кенттерінің де жылыту және кәріз жүйелеріне жауапты екенін айтқан едім. Шадиярдың айтуынша, ол басшылық етіп отырған мекеме 2020 жылға дейін аудан халқының ауыз суына ғана жауапты болғанға ұқсайды. Сол 2020 жылы Таукент пен Қыземшек кенттерінің жылыту менен кәріздеріне жауапты өндіріс орындарының бұл қызметтен бас тартып, аудан әкімдігінің қарауына өткізгелі бері бұл «Шолақорған Су» мекемесінің міндетіне өткен көрінеді. Менің де есімде, Ғазекен Нышанбаев басшылық етіп тұрған уақыттан бері бұл екі кенттің жылуы мен кәріздері аудан әкімдігінің, «Шолақорған Су» мекемесінің бас ауруына айналған. Бұған дәлел, былтырғы 2023 жылдың желтоқсан айындағы қатты борандарында Қыземшек кентінің жылыту жүйесінде аздаған ақау болып, жергілікті халық алаңдап, блогерлер әлеуметтік желілерге сап жіберіп, біраз шу болған. Республика, облыс әкімдігіне дейін хабардар болған бұл оқиғаның басы-қасына абырой болғанда аудан әкімінің өзі барып, «Шолақорған Су» МКМ мен ТОО «Торлан Строй» қызметкерлері дер кезінде мәселені шешті. Айта кету керек, бұл жерде де Шадияр басшылық ететін мекеменің Қыземшек кентіндегі жауапты мамандарының жауапсыздығы себеп болған. Қазіргі таңда бұған дейін көмірмен жанып келген жылыту қазандықтарын, мазутпен жағу бағытына ауыстыру жөнінде Шадияр аудан әкімдігіне ұсыныс айтып, бұл жобаның тиімділігін дәлелдеп жатқан көрінеді. Бұйырса, бұл бас аурудан да құтылудың ауылы алыс емес секілді. Байқасаңыздар, мақаланың басында кейіпкерім Шадияр Төлеевтің «Шолақорған Су» МКМ-нің басшылығына келгеннен кейінгі атқарған жұмыстары мен бойындағы қайсыбір қасиеттеріне тоқталатындығымызды айтқан едім. Ендеше, сол жергілікті бұқара халық пенен биліктің сенімінен шығып, білімділігі менен біліктілігінің, креативті ойлай алуы менен кризис-менеджерлігінің арқасында «Шолақорған Су» МКМ-сін кризистен шығарып, жұмысын жолға қоюға себеп болған қайсыбір қасеттеріне де тоқталайыншы. Сонымен, мақаланың тақырыбында айтылып тұрғандай, мемлекет болсын, мекеме болсын басшы адамға мінез керек. Ал ол мінез кейіпкерім Шадияр Төлеевтің бойында жетіп артылады. Нақтырақ айтсам, әбден қарызға және сыбайластыққа батып қалған, мемлекет мүлкіне жауапсыз, тек өзінің ғана бас пайдасын ойлайтын адамдардың қатесін көрсетіп, ұжым ішінде темірдей тәртіп орнату үшін де табандылық керек. Ал, табандылық та білімді, кәсібилікті және мінезді қажет етеді. Сондай-ақ, халқына қызмет істеймін деген кісінің кішіпейіл, қарапайым болуы да маңызды. Мұны мен «Газ құбыры-2050» компаниясын насихаттап ауыл ішінде жүргенде, Қ. Рүстемов көшесіне көптен бері бармай қалған және ауыл тұрғыны Нұрсұлтан Еденбаеваның үйінің артындағы су құбырын қалпына келтіру жөніндегі өтініштерін жеткізгенімде байқадым. Әрине, мұнан бөлек те жұмыстарменен хабарластым, барлығын да Шадияр Қалихлы өте сауатты түрде, қолменен қойғандай етіп шешіп беріп отырды. Ендеше, ендігі жерде еңсесін енді тіктеп келе жатқан еңбек ұжымына, білікті басшысы Шадияр Қалихлына өмірде сәттілік, жұмыста табыс, отбасыларына, кәсібі мен нәсібіне береке тілейміз!

Данияр БЕК.

Былтырғы жыл еліміздің саяси өмірінде елеулі оқиғалармен есте қалды. Мемлекет басшысы жариялаған конституциялық реформалардың жалғасы ретінде Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауы өтті. Облыс тарихында алғаш мәрте 4 ауданның әкіміне үміткерлерге тұрғындар өздері дауыс беріп, таңдады. «AMANAT» партиясы еліміздегі ең ірі, ықпалды саяси күш ретінде осы сайлау науқандарының бел ортасынан табылды. Партияның Түркістан облыстық филиалының қоғам мен мемлекет игілігі жолындағы қызметін білмек ниетте саяси ұйымның өңірлік филиалының төрағасы, Түркістан облыстық мәслихатындағы «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Алтынсары Дүйсенбекұлы Үмбетәлиевпен сұхбат жүргіздік. Назарларыңызға осы сұхбатты ұсынамыз.



рыстарын өткізіп, Саяси кеңес мәжілісін шақырды. Күн тәртібінде – партияның Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасын бекіту, сайланбалы лауазымдарға партия өкілдерін ұсыну мәселелері қаралып, партияның шын мәніндегі мақсаты бір ұжымдық ұйым ретіндегі үлгісін көрсетті.

Президент жария еткен саяси реформалардың заңды жалғасы ретінде былтыр Түркістан облысында пилоттық режимде 4 аудан әкімдерінің сайлауы өтті. Оның ішінде Мақтаарал, Созақ, Шардара аудандарында «AMANAT» партиясы ұсынған кандидаттар айқын дауыс басымдықтарымен жеңіске жетті. Ауылдық округ әкімдерінің сайлауы 46 әкімшілік бірлікте өтіп, оның 42-інде партия ұсынған кандидаттар сайланды. Бұл көрсеткіштерден де партияның бедел биігін көріп, қызмет тиімдігін объективті бағалауға негіз бола алады.

- Енді партияның сайлау алдын-

«AMANAT»-ПАРАСАТ БИІГІН

-Алтынсары Дүйсенбекұлы, «AMANAT» партиясы өзіндік межесіз халық үніне құлақ асатын, сайлаушылардың талаптарын бұлжытпай орындайтын саяси күш ретінде айқындағанын жақсы білеміз. Сұхбатты осы тұстан өрбітсек. Түркістан облысы тұрғындарының «AMANAT»-қа деген сенімі қай деңгейде деп білесіз?

- Сауалыңыздың төркінін ақтандым. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев партия қызметін қайта құрылымдауға арналған кезектен тыс съезде егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат екенін айтты. Әр азамат үшін қастерлі бұл құндылықтар жүрек түкпірінде сақтаулы. Аманатқа адалдық шын мәнінде әрбіріміздің жүрегімізде.

Нақты деректермен айтар болсам, бүгінде Түркістан облысы бойынша партия мүшелерінің саны 82 мыңнан астам адамды құрайды. Облыс аудан, қалаларында партияның 17 аумақтық филиалдары қызмет атқарады. Ірі кәсіпорындарда, тірек шаруашылықтарда 241 бастауыш партия ұйымы әрекет етеді. Республика бойынша ең көп партия мүшелері де, ұйымдық құрылымы кеңінен жайылып, таралым аймағы өріс алған өңір де – Түркістан облысы болып отыр.

Партияның мүшесі болу азаматтың жеке бастамасымен және ерікті қалауымен жүзеге асады. Партияның түрлі көзқарастар мен ой-пікірлердің тоғысатын, үндесетін алаңы болып қалыптасуы себепті болар, қызметі түбегейлі жаңарған партия құрамына қосылғысы келетін азаматтардың саны жыл санап артып келеді. Мәселен, партияның Түркістан облыстық филиалына қарасты бастауыш партия ұйымдарымен 2022 жылы 2449 адам партия қатарына жаңадан қабылдана, былтырғы жылы бұл көрсеткіш 3338 адамға жетті. Алдағы жеке – өңірдегі партияластарымыздың қатарын 100 мың адамға дейін жеткізу. Бұл дегеніңіз облыстағы барша халықтың 5 пайызына жуығы деген сөз.

Партияның мәні не дейтін сауалға келетін болсақ, ең әуелі мынаны айтар едім. Жалғыз шырақ сәуле болмайды. Мемлекет мүддесі мен ел тағдыры, аймақ тынысы мен ауыл тіршілігі тұрғысында жалғыздың жөнін емес, көптің жоғын іздеу әлдеқайда маңызды. Ұстаным жақындығы, мүдде ортақтығы және мақсат-міндет орайластығы азаматтарды бір саяси партия аясына жмылдырып, мемлекеттік биліктің қоғам сұраныстарына сай іс-қимыл жүргізуіне жәрдемші болуда.

Партияға мүше болып табылатын азаматтардың 30 пайыздан астамы

және осы көрсеткішке жетебабыл үлестегілер – қоғамның ең экономикалық белсенді тобы – отыз бен қырық және 50 жас аралығындағы тұрғындар. Алпыс жасқа дейінгілердің үлесі 23 пайызға жуықтаса, отыз жасқа дейінгі жастар санатындағылар барлық мүшелердің жеті пайызын құрайды. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығармақ ниеттегі ісімізде жаңа лептің жаршысындай болған жас буын арасынан салмақты саяси көшбасшыларды дайындауға басымдық береміз.

Келтірген деректерден халықтың партияға деген сенімінің жоғары екенін, ұйым ұстанымының тұрғындарға ұнамды сипатта өріліп жатқанын байқаймыз. Демек, «AMANAT»-тың беделін ел ішіндегі абыройымен өлшейтін болсақ, оны қоғамда өзіндік орны бар белді саяси ұйым деп батыл бағалауға болады.

-Азаматтардың еріктілік жігерімен құрылатын партия саяси салмағын халықтың қолдауына ие болу арқылы арттырады. Сайлау науқаны партияның тиімділік деңгейін көрсететін кезең екені белгілі. Былтырғы жылы Парламент Мәжілісінің депутаттарын, облыстық, аудандық, қалалық мәслихат құрамдарын сайлаудық. Бірқатар аудандарда аудан әкімдерін сайлау науқаны өтті. Ауыл әкімдерінің сайлауы жалғасын тауып келеді. Осы электоралды науқандарда «AMANAT» партиясы қандай көрсеткіштерге ие болды? Таңдау жасалған өкілдер партия үмітін ақтап отыр ма?

- Қызмет мәнін жаңа формацияға бейімдеп, түбегейлі жаңа ұстанымдарды алға шығарған «AMANAT» партиясының бүкіл миссиясы әділ қоғам құруға арналып отыр. Осы мақсатқа жету жолында еркін ойлы, өзіндік білімімен жетілген адамдарға мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында өкілдік етуге мүмкіндік беру – партиялық қызметтің мәні.

Дұрыс айтасыз, халық таңдау жасайтын электоралды науқан – бұл партия үшін нағыз сын сағаты, беделі мен тәжірибесі безбен таразысына түсетін әділ бағалау сәті. Егер партияның жұмысы жақсы болса, қоғамның таңдауына ие болып жемісін көреді, қызметі соншалықты айтарлықтай болмай төмен дауысқа ие болса, жіберген қателіктерін түзеуге біршама уақыт алады.

Былтырғы жылғы наурызда өткен Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауында «AMANAT» партиясы қызмет тиімділігін көрсетіп, халықтың жоғары бағасын иеленді. Партиялық тізім бойынша Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауына түскен 7 саяси партия ішінен «AMANAT» партиясы сайлаушылардың 53,90 пайыз

дауысын алып, заң шығарушы органда 40 мандатқа ие болды.

Осы сайлау науқанында «AMANAT» партиясы Түркістан облысы бойынша сайлаушылардың 56,9 пайыз дауысын алды. Өңір бойынша барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының мандат саны 338 болса, соның 269 мандатын, яғни облыстық, аудандық, қалалық мәслихат депутаттарының 80,2 пайызын «AMANAT»-тық өкілдер иеленді.

Депутаттық корпус өкілдерінің жұмыс тиімділігі партия қабылдаған Сайлауалды бағдарламаны іске асыру нәтижелерімен және сайлаушылар білдірген өтініштердің орындалуымен бағаланады. Бүгінге дейін сайлаушылардан келіп түскен мәслихат депутаттарының бақылауындағы 1748 өтініштің 97 пайызы оң шешімін тапты, қалғандарының белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырылуы қадағалауға алынған.

Өзім жетекшілік ететін Түркістан облыстық мәслихатындағы партиялық фракцияның 7 мәжілісі өтіп, ауыл аймақтардағы мектептер құрылысы, табиғи газ, ауыз су жүйелерін тарту, электр қуатының сапасын арттыру, жол салу, ауыл тұрғындарының табысын арттыру, жайылым тапшылығын еңсеру сынды өзекті мәселелердің қисынды шешім табуы жан-жақты қаралды. Депутаттардың табандылық танытуының нәтижесінде ел ішіндегі көптеген түйіндер тарқатылып, өңірлік даму бағдарламаларының тізбегіне енгізілді.

Өңірдің жергілікті басқару тарихында алғаш мәрте барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының форумы өтті. Өкілді және атқарушы билік тармақтарының өзара ықпалды әрекеттесуі алаңы боп бекіген жиынға Түркістан облысының әкімі Дархан Амангелдіұлы Сатыбалдының өзі қатысып, «AMANAT» жетекші партия ретінде халық сеніміне ие болған ұйым екенін айтты. Басты міндет – тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуда депутаттар мен жергілікті атқарушы органдар үйлесімді жұмыс жүргізсе, өңірдің дамуы серпінді болатынын атап өтті.

Мағынасы терең, мазмұны ерек жиынға партия атынан өкілдік ететін депутаттар қатысып, 4 панельдік сессия бойынша облыс әкімінің салалық орынбасарларына, басқарма және департамент басшыларына сайлаушылар білдірген бақылауларды тікелей жеткізуге мүмкіндік алды. Форум барысында айтылған 114 ұсыныстың орындалуы партия филиалының тұрақты бақылауына алынып, облыс әкімдігінің салалық басқармаларымен бірлесіп іске асырудың жолдары белгіленді.

Сондай-ақ былтыр партияның Түркістан облыстық филиалы 2 мәрте Саяси кеңес Бюросының оты-

дағы уәделерінің орындалуы мәселесін қарастырайық. Партияның Түркістан облыстық филиалы жоспарлы көрсеткіштерін орындауда халықтың сенім үдесінен шыға алды ма? Артылған сенімді абыроймен көтеруде нендей шаруа атқарылды?

- Сөз қадірін білетін халқымызда «Байламы жоқ уәде – қанаты жоқ бос сөз» дейтін даналық дәнегі бар. Партия қабылдаған сайлауалды бағдарлама – халықтың талабымен пісіп жетілген, қолда бар мүмкіндік пен атқарушы биліктің күш-әлеуеті ескеріліп өлшеп-пішілген нақты істер жиынтығының жоспары. Сайлауалды бағдарламаны іске асыру жөніндегі Жол картамызда Түркістан облысы көлемінде алдағы бес жылдық мерзімде атқарылуы тиіс жобажұмыстар түгел қамтылды.

Біз белес етіп белгілеген биіктігіміз – тұрғындармен бетпе-бет отырып айқындаған мәселелерден тұрады. Халықтың сұраныстарын зерделеп, оларды жергілікті атқарушы биліктің бағдарламалық жоспарларымен үйлестіре отырып, мәні мен мазмұнына, міндеті мен межесіне сай топтастырып кешенді жоспарын түздік. Жол картамызда қарастырылған әрбір мәселенің жыл сайынғы даму динамикасын белгілеп, қол жеткізілуі керек аралық индикаторларын айқындадық. Көрсеткіштердің орындалуын мәслихаттағы партиялық фракцияның отырыстарында, партиялық құрылымдардың жұмыс жиындарында майшаммен талдап-таразылап, қалыс қалған не кенжелеп тұрған жұмыс межелерін партиялық ресурсты дер кезінде жұмылдыру арқылы тізбектің түзулігін сақтап отырдық.

Партия филиалы қабылдаған Жол картасы облыс үшін маңызды 4 негізгі бағытты қамтиды. Бес жылдық кезеңде 136 индикатор бойынша 542 іс-шараны атқару жоспарланған. Партия белгілеген міндеттер шеңберінде ауылшаруашылығын дамыту, жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлікті қолдау, жастар үшін мүмкіндіктер жасау, туризмді дамыту, сапалы білім беру мүмкіндігін кеңейту, медициналық қызметтің қолжетімділігін қамту, мәдениет, спорт салаларын ілгерілету, халықты тұрғын үймен қамту, жол сапасын жақсарту, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға қолдау көрсету, азаматтардың қауіпсіздігін қамту, экологиялық ахуалды жақсарту бастамаларын жүзеге асырудың кезеңдік жұмыстары белгіленген.

2023 жылдың қорытындысымен былтырғы жылға жоспарланған 119 атаулы іс-шаралар тармақтарының 108-і толықтай жүзеге асып, жоспарды іске асырудағы орындалушылық тәртіптің деңгейі 90,7 пайызға жетті.

Қалған көрсеткіштердің орындауы жылдың қорытынды статистикалық есептерінің нәтижесімен белгілі болмақ.

Жол картаның орындалуын нақтылы сандармен сөйлететін болсақ, жоспарда қамтылған міндеттер аясында өңірімізде 57 кәсіпорын іске қосылды. Оның ішінде инновациялық жобалар ретінде керамзитті кірпіш өндіру, алюминий профильдер шығару ісі жолға қойылды. Экономикасы ауыл шаруашылығына бейімделген облысымызда жаңадан 9 тауарлы-сүт фермасы, 9 мал бордақылау алаңы, 6 жылыжай кешені және 6 балық өсіру фермасы іске қосылды. Ашылған жұмыс орындарының саны 1 мың бірлікке артты.

Жалпы көлемі 853,3 мың шаршы метр болатын тұрғын үй, 5150 оқушыға арналған 20 мектеп, Түркістан қаласындағы «Мұз сарайы» кешені, Мақтаарал, Бәйдібек аудандарында спорт кешендері салынды. Өңірдің туристік тартымды-

алып қарайық. Түркістан өңірі еліміз бойынша халық саны ең көп облыстардың бірі. Ауылдардың саны жөнінен де республикада көш бастаймыз. Сегіз жүзден астам елді мекені бар Түркістан облысы халқының сексен пайызға жуығын ауыл тұрғындары құрайды. Экономикалық қуаты да, халықтың тұрмыс ахуалы да ауылшаруашылығымен тікелей байланысты өңір үшін жайылымдар тапшылығын еңсеру – басты мәселе.

«Жер аманаты» бойынша Түркістан облысында 2022 жылы 1 млн.-нан астам гектар жайылым ортақ игілікке қайтарылса, былтырғы жылы 335 мың гектар жайылым мемлекет меншігіне қайтты. Ауылдардағы тарылған өрістердің ахуалын осылайша реттейтін боламыз.

«Ауыл аманаты» да ауылдағы ағайынның тұрмысын түзеуге арналған бірегей жоба. Былтыр мемлекеттен бөлінген мақсатты 19,7 млрд. теңгеге 3256 жоба қаржылан-

өтсе, оның 174 мыңнан астамы – көпбалалы отбасылар. Жоба аясында партия әлеуетімен құрылған 161 жедел әрекет ету топтарымен тұрмыстық қиын ахуалға түскен 993 отбасы анықталып, мемлекеттік органдардың қамқорлығына алынуына жәрдемші болды. Партияның қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 374 азамат көмек көрсетумен байланысты өтініштерімен жүгініп, оларға меценаттар арқылы тиісті жәрдем көрсетілді.

Балаларға арналған қауіпсіз ортаны қамтуда 130 рейдтік іс-шаралар атқарылып, кешелер мен аулалардағы қаңтарылып тұрған кәріз қақпақтары, электрциттері қалпына келтірілді. Жаңа оқу жылы қарсаңында партияластар 3270 оқушыға 52 млн. теңгеге жуық қаржыға оқуға қажетті құралдармен қамтыды.

Әйелдердің мемлекеттік басқаруға және инклюзиялық қоғам мен гендерлік паритетті қалыптастыруға

рының қатысуымен ашық есік күндерін өткізу, жеке қоғамдық қабылдаулар ұйымдастыру жұмыстары атқарылды. Осы форматтағы 470 қабылдау жүргізіліп, 1080 азаматтың мәселелері қаралды. Арыздардың 65 оң шешімін тапса, 35 пайызына кәсіби құқықтық кеңестер берілді. «Халыққа көмек» жобасы шеңберінде 443 қабылдау өткізіліп, 1300 азаматтың жеке мәселелері қарастырылды. Келушілердің 64 пайызының мәселелері оң шешімін тапты, 36 пайызына заң аясында көмектер берілді.

Қоғам мен билік арасындағы кері байланысты қамтуда облыстағы партиялық филиал жанындағы қоғамдық кеңестердің 132 отырысы өткізіліп, 210 мәселе қаралды. Қаралған тақырыптар шеңберінде мемлекеттік органдарға 432 ұсыным жолданып, олардың орындалуы партия назарында болды. Партиялық бақылау комиссиясымен 56 ұсыным беріліп, орындалуы үйлестірілді.

ПАЙЫМДАҒАН ПАРТИЯ

лығын кеңейтуде 2 заманауи қонақ үй кешені, 2 емдеу-сауықтыру орталығы іске қосылды. Партия ұйытқы болған «Туған жер» арнайы жобасы бойынша меценаттардың есебінен 127 қоғамдық маңызға ие нысан салынып, техникалық жаңартуды қажет ететін 86 нысан жөндеуден өтті.

Сондай-ақ, облыста 326,1 мың шақырым автомобиль жолдары жөнделді. 44 елді мекен газбен, 20 елді мекен ауызсумен қамтылды. Отырар ауданында қуаты 50 МВт күн электр станциясы іске қосылды. Кентау қаласында 55 көпқабатты тұрғын үй модернизациядан өтті. Облыс бойынша 85 мектептің қазандықтары қатты отыннан газға ауыстырылды. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтуда Келес, Созақ, Сауран, Ордабасы, Сарыағаш, Түлкібас аудандары мен Арыс қаласында 8 өрт сөндіру бекеті салынды.

Түркістан қаласындағы «Nazret Sultan» халықаралық әуежайының авиарейстер географиясын ұлғайту бойынша жүйелі жұмыстар қолға алынды. Қазіргі уақытта Түркістан халықаралық әуежайы Стамбул, Эль-Кувейт, Абу-Даби бағыттары бойынша 3 халықаралық және Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Орал, Қарағанды, Қостанай маршруттары бойынша 7 республикаішілік әуе бағыттарына қызмет көрсетеді.

Өңірде былтырғы жылы 133,6 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары құрылды, оның ішінде 93,4 мыңнан астамы – тұрақты жұмыс орындары санатында.

Табанды қайратпен келген осынау таудай еңбек сөз басында айтқан байламды уәденің баянды жемісі. Өңір жұртшылығының бізге көрсеткен жалынды қолдауы жүрекке жігер беріп, білекке күш дарытты десем артық айтқаным емес.

- Уәде мен іс арасында қылаудай айырмашылық болмауы керек ниетінде ауқымы кең жұмыстар жүргенін айттыңыз. Қоғамда өзіндік орны бар, отандық саясат сахнасында негізгі «ойыншы» саналатын ұйымның қойыншы партиялық бастамалары жөнінде айтып өтсеңіз. Партиялық жоба деген айдары бар бастамаларыңыздың қоғамға қандай айтары бар?

- Партия саясаттағы қатаң қағидаттар мен қасаң ережелерден тұратын бірлестік емес. Ол – заманның талабымен үндесіп жылжитын, қоғамның талғамымен толығып ілгерілейтін ұйым. Жұртшылықты неғұрлым толғандыратын тақырыптар партия қызметінің бағдарлы нысанасына алынып, жұмыс ағынының екпінді арнасын түзеді. «AMANAT» партиясы бедерлеп белгілеген партиялық жобалардың кез келгені Түркістан облысының халқы үшін өте өзекті екенін айтқым келеді.

Мәселен, «Жер аманаты» жобасын

дырылды. Жобаға қатысқан 16 аудан, қаладағы 64 ауылдық округте жылыжай кешендері бой көтерді, техникалар паркі жаңартылды, өт-сүт қорын қалыптастыру шаруашылықтары құрылды. Ауыл тұрғындарының табысын арттыруда егін, мал шаруашылықтары қаржыландырылды. Құс және балық өсіру ісі жолға қойылды. Өндірістік кооперативтердің құрал-жабдықтарын жаңарту бастамасы қолға алынып, ауылдық жерде кәсіпкерлікті дамытуға негіз қаланды.

Түркістан облысында республика халқының он пайыздан астамы тұрады. Халықтың қаржылық ұйымдар алдындағы борышкерлік міндеттемелерінің шектес тыс белең алуы – алаңдатарлық мәселе. «Қарызыз қоғам» жобасымен тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру ісіне басымдық берілді. Былтырғы жылы жоба аясында ауыл-аймақтарда 12650 адамды оқыту курстарына қамту жоспарланса, нақты 14600 адам қаржылық сауаттылық бойынша оқытылып, жылдық жоспар 115 пайызға артығымен орындалды.

Қариясын қазынаға балайтын өңірдің аға буын өкілдеріне қамқорлық көрсету-«Ардагерлерді ардақтайық» жобасының міндеті. Бүгінде өлкемізде зейнет жасындағы 188 мыңға жуық аға буын өкілдері тұрады. Тиісті салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп ардагерлерді сауықтыру, тегін басылымдарға жаздыру, демеушілер және жергілікті бюджеттер есебінен коммуналдық қызметтерге жеңілдіктер беру мәселелері шешілген. Партиялық алаңдарда ардагерлердің қатысуымен 122 қоғамдық қабылдау өтіп, олар көтерген 231 мәселе шешімін тапты. Жалғыздікті қарияларға қолдау көрсетуде «Жастар рухы» Жастар қанатының өкілдері 273 волонтерлық көмек көрсету іс-шараларын өткізді.

«Кедергісіз келешек» жобасы бойынша облыста тұратын 97 мыңнан астам азаматтың мемлекеттік қолдау шараларымен қамтылуы облыстық партия филиалының тұрақты бақылауына алынған. Жол картасында қамтылған міндеттер бойынша қоғамдық орын санатындағы 776 нысан ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бейімдеуден өтті. Партия филиалы жанынан құрылған мониторингтік топ 263 нысанда зерделеу жұмыстарын жүргізді, 32 нысанда кемшіліктер анықталып, реттелуі қадағаланды. Партиялық жоба бойынша былтыр барлығы 405 іс-шара өтіп, 8565 азамат қамтылды.

Ана мен бала қамқорлығы «Бақытты отбасы» жобасы аясында жүзеге асады. Облыс бойынша 400 мыңнан астам отбасылар тіркеуден

белсенді қатысуын кеңейтуде былтыр «AMANAT» партиясының Әйелдер қанатын құру бастамасы көтерілді. Өңір халқының тең жартысы әйелдер болып табылатын елде партия филиалы жанынан Әйелдер қанаты құрылып, оның қызмет аясына партияның мүшесі болып табылатын қыз-келіншектер, мәслихаттың әйел депутаттары жұмылдырылуда.

«Ұлттық мұра» жобасы шеңберінде облыстағы партиялық алаңдарда барлығы 142 іс-шара өткізіліп, мәдени құндылықтарды насихаттау, қазақ тілінің мәртебесіне лайықты орын алуына үлес қосу, ұлттық спорт түрлерін ілгерілету бастамалары жүзеге асты. Партия бастамасымен жүзеге асқан «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің қорытынды кезеңі Түркістан қаласында өтті. Елорда мен Түркістан аралығында 1300 шақырымды артқа тастап жеткен шабандоздарды «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Жамаубайұлы Кәрібек қарсы алып, игі тілегін жеткізді.

Айта берсек, ауыз толтырып тізбектейтін жұмыстарымыз өте көп. Бірлікке бастайтын, ымырашыл тірлікке жұмылдыратын, ортақ мақсат үшін айрандай ұйыстыратын мұндай санаттағы жұмыстарымыз алдағы уақытта да үздіксіз жалғасып, партияның шын мәніндегі халықтық ұйым ретіндегі мәртебесін биіктететін боламыз.

«AMANAT»-тың ауқымды тірлігінен біраз хабардар болдық. Партияның халыққа бір табан жақын болуын қамтуда тағы қандай жұмыстарыңызды атап өтер едіңіз?

- Партия айқындаған ең негізгі басымдықтың бірі – тұрғындармен нәтижелі кері байланыс арнасын түзу. Былтырғы жылы партия филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 13287 арыз-шағым келіп түсті. Азаматтар сұраныстарының 63,2 пайызы оң шешімін тапса, 35,2 пайызына заң аясындағы кеңестер берілді. Ал 219 өтініштің қаралу мерзімдері нақты белгіленіп, олардың орындалуы бақылауға алынған.

Облыстағы партиялық алаңдарда былтырғы жылы 3 мыңнан астам қабылдау жүргізіліп, оларға 10 мыңнан астам адам жүгінді. Сонымен қатар, шалғай елді мекен тұрғындарының сұраныстарын тыңдауда 216 мобильді көшпелі қоғамдық қабылдау өтіп, 1084 азаматтың өтінімдері тыңдалды. Олардың тең жартысы шешімін тапса, қалғандарына заң аясында кеңестер берілді.

«Құқықтық көмек» жобасы бойынша айына екі мәрте құқық қорғау органдары өкілдерінің, заңгерлердің, адвокаттардың, сот орындаушыла-

ртының қатысуымен енген нысандардың құрылыс алаңдарында 50 партиялық бақылау бекеті қойылып, құрылыс барысында анықталған 21 кемшілік партияның ықпал етуімен түзетілді.

Партия өкілдерінің қоғам алдындағы ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз етуде облыстық партия филиалы жанынан брифинг алаңы ашылды. Бекітілген кесте бойынша мұнда облыстық мәслихат депутаттарының және аудан, қалалардың мәслихат төрағаларының қатысуымен 49 брифинг өтіп, партия айқындаған басымдықтардың жүзеге асырылуы барысы таразыланды.

Өңір халқының 650 мыңнан астамын – жастар құрайды. Жастар контингентімен жұмыс жүргізуде партия филиалының «Жастар рухы» жастар қанатымен бірқатар маңызды жұмыстар атқарылды. Оның ішінде «Жастарға жұмыс» жобасымен жұмыс берушілермен кездесулер, тарихи орындардың сақталуын, қоғамдық мүлктің бүлінбеуін қамтуда «Вандализмге жол жоқ» акциясын, «Қауіпсіз қоғам» жобасы бойынша полиция қызметкерлерімен бірлесіп рейдтік іс-шаралар өткізді. Студенттік жатақханалардың ахуалына мониторинг жүргізді. «BIR TOLQYNDA» танымал тұлғалармен кездесулер кештерін, «TazaLike» эко-акцияларын, «AMANAT AQYLMAN» интеллектуалды ойындарын, «AMANAT CUP» және «MASLIHAT CUP» спорттық жарыстарын ұйымдастырды.

Белсенді жастарымыз түрлі жүлделерден де кенде емес. Партия ұйымдастырған «QAISAR» әскери-патриоттық ойындарының жеңімпазы болып Түркістан облысының жастары анықталды. «AMANAT» партиясы жариялаған республикалық жастар сыйлығының номинациялары бойынша Түркістан облысынан екі бірдей жыл үздігі анықталып, марапатталды. Болашағынан үміт күттіретін тағы бір белсенді жастарымыздың бірі XVI республикалық «Жан Шуақ» қоғамдық сыйлығының лауреаты атанды.

Біз өзіміз қызмет етіп отырған қоғамға мейлінше ашық болып, қоғамның белсенді өкілдерімен ынтымақтастығымызды арттыратын боламыз. Қоғамымыз ортақ, мемлекетіміз бір деген ұстанымды жақтап, алға қойған мақсатымызға нәтижелі еңбекпен жетпекпіз.

-Алтынсары Дүйсенбекұлы, уақыт бөліп, мазмұнды сұхбат алуымызға жәрдемші болғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Оқырмандар осы сұхбаттан партияның сан қырлы қызметінен мағыналы ой түйеді деген сенімдеміз. Алдағы жұмыстарыңызға табыстар тілеймін!

Сұхбаттасқан: Асыл ТҰМАР.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

2024 жылдың басынан бастап қаржы және салық салу саласында қазақстандықтарды өзгерістер күтіп тұр. Жалпыға бірдей декларациялаудан басқа, бұдан былай төлемдер мен аударымдар мемлекет тарапынан бақылауға алынатын болады. Салық заңнамасына сәйкес мобильді аударымдарды тек жеке мақсаттарға ғана пайдалануға болады, ал дара кәсіпкерлерге тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін төлемдерді мұндай түрде қабылдауға тыйым салынған.

Бұл жаңалықтың қыр-сырын Fingramota.kz-пен қарастырып көріңіз.

2024 жылдан бастап мобильді аударымдарда енгізілетін жаңалықтар: нелерді білу қажет?

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне сәйкес, 2024 жылдан бастап банктер ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (МКК) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес шотқа қатарынан үш ай ішінде әр түрлі жөнелтушілерден айына 100-ден астам аударым алатын жеке тұлғалар туралы деректерді беруге міндетті. Яғни, егер сізге бір айда 100 мобильді аударым келетін болса, онда сіздің деректеріңіз бұдан әрі тексеру үшін салық органына кетеді. Бұл мобильді аударымға тыйым салу дегенді білдірмейді, мәселе банк шотына тұрақты түсімдер жөнінде. Енгізіліп отырған жаңашылдықтың негізгі мақсаты-кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістерді көлеңкеден шығару.

Қазақстанда мобильді аударымдар тарихы қалай басталды

2019 жылы Қазақстанда мобильді қосымша немесе QR-код арқылы жеке тұлғаға ақша қаражатын жедел аудару жүйесі іске

қосылды. Қазақстандықтар ыңғайлы және озық банктік сервисті белсенді пайдаланып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көше бастады. Осы уақыттан бастап дара кәсіпкерлер: мысалы, түрлі азық-түлік дүкендерінің, сұлулық салондарының, наубайханалардың иелері төлемді мобильді аударым немесе QR-код арқылы қабылдады. Алайда, 2021 жылдың соңында салық заңнамасында «мобильді төлем» ұғымы пайда болды. Заңға сәйкес, «мобильді төлем» термині QR-кодты қолдана отырып, банктің мобильді қосымшасы немесе POS-терминалы арқылы қабылданатын

стап: халықтың қалған бөлігі бойынша (2025 жылдың қорытындысы бойынша).

Осы кезеңділік бойынша мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайларының шоттарына мобильді аударымдар туралы ақпарат МКК-ға келіп түсті және талдаудан өтті. Мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерінің шоттарынан деректерді салық комитеті 2024 жылы алады, ал жеке кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтардың және заңды тұлғалардың басшыларының деректері мемлекеттік органдарға 2025 жылы түседі.

қолма-қол ақшасыз төлем дегенді білдіреді.

Мемлекет салық заңнамасының тармақтарын сақтау мақсатында мемлекеттік кіріс органдарына екінші деңгейдегі банктерде жасалған мобильді аударымдар туралы ақпаратты алуға және өңдеуге мүмкіндік берді.

Ақпарат беру кезеңдері

МКК мобильді аударымдар туралы ақпарат ұсыну кезеңдерін белгіледі:

-2023 жылғы 1 қаңтардан бастап: мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген адамдар және олардың жұбайлары бойынша (2022 жылдың қорытындысы бойынша);

-2024 жылғы 1 қаңтардан бастап: мемлекеттік мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары бойынша (2023 жылдың қорытындысы бойынша);

-2025 жылғы 1 қаңтардан бастап: жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалардың басшылары және олардың жұбайлары бойынша (2024 жылдың қорытындысы бойынша);

-2026 жылғы 1 қаңтардан ба-

Жеке тұлғалар өздерінің жеке мақсаттарында мобильді аударымдар мысалы, туыстарына, достарына, ата-аналарына және балаларына, іс-шараларға және т.б. алымдар жасай алатынын атап өтеміз. Бұл аударымдар кәсіпкерлік қызмет деп танылмайды және оларға салық салынбайды.

Тіркелмей бизнес жүргізетін немесе ДК картасына емес, жеке картасына аударым қабылдайтын тұлғалар ақы төлеуді заңдастырғаны: ДК тіркегені немесе (егер ДК болған болса) корпоративтік карта ашып, аударымдарды соған қабылдағаны дұрыс. Олай болмаған жағдайда, кәсіпкер ескерту түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін немесе қайта бұзушылық болған жағдайда, оған айыппұл салынады. Айыппұл салық төлеушінің субъектілігіне қарай 15 АЕК-тен 50 АЕК-кедейінгі соманы құрайды.

Сақ болыңыз, заң нормаларын сақтаңыз және Fingramota.kz-пен бірге қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!

1,1 млн қарыз алушыға банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша жасалған шарттардың талаптарына өзгерістер мақұлданды

Ағымдағы жылғы 15 қаңтарда Алматы қ. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында азаматтардың банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешегін реттеу тетігі мәселелеріне арналған брифинг өтті.

«2023 жылы Агенттік азаматтардың және заңды тұлғалардың 59,4 мыңнан астам өтінішін қарады. Өтініштерді талдау қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерінің көпшілігі – бұл кредиторлардың азаматтардың мерзімі өткен берешегін реттеу шараларын қабылдамауы екендігін көрсетіп отыр: банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша (тіісінше 53% және 29%)», - деп хабарлады Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Александр Терентьев. 2023 жылдың басынан бері анықталған бұзушылықтар бойынша Агенттік қаржы ұйымдарына қатысты 224 шара қолданды және шамамен 189,9 млн теңге сомаға 159 әкімшілік жаза қолданды.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында 2021 жылғы 1 қазаннан бастап кредиттік ұйымдардың төлем жасауға қабілетсіз қарыз алушы – жеке тұлғалардың берешегін реттеудің бірыңғай заңнамалық тәртібі қолданылады.

2022 жылдан бастап Агенттік банктер мен МҚҰ-ның бірыңғай құқықтық режимді іс жүзінде қолдану үшін жұмыс жүргізді. Қазақстанның барлық өңірлерінде апта сайынғы негізде қаржы ұйымдарымен онлайн-кездесулер ұйымдастырылды. Нәтижесінде банктер және микроқаржы ұйымдары Агенттіктің талап етуі бойынша ішкі нормативтік құжаттарды өзектендірді, олар қарыз алушының өтініші бойынша қарыздар мен микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешекті реттеудің міндетті тәртібін ескереді. Сонымен бірге банктер мен МҚҰ Агенттіктің тапсырмасы бойынша барлық коммуникация құралдарын пайдалана отырып ақпараттық түсіндірме жұмысын күшейтті, кредиттерді қайта құрылымдау тақырыбы бойынша қарыз алушыларға консультация беру үшін қосымша жедел желілер ашылды.

«Бүгінгі күні мерзімі өткен берешекті реттеу бойынша енгізілген бірыңғай және міндетті тәртіп 1,1 млн қарыз алушыға шарттардың талаптарын өзгертуге мүмкіндік берді, оның ішінде 2023 жылдың басынан бастап кредиторлар 586 мың қарыз алушының қарыздарына қайта құрылымдау жүргізді (банктердің 237 мың қарыз алушысы, МҚҰ-ның 349 мың қарыз алушысы), - деп қорытындылады Александр Терентьев.

Сотқа дейінгі реттеу тәртібі туралы толық ақпаратты осыдан табуға болады.

Агенттіктің Сыртқы коммуникациялар басқармасы.

+7 (727) 237 1089, press@finreg.kz.

Танымал WhatsApp мессенджері арқылы алаяқтық схемалар

WhatsApp мессенджері – күн сайын миллиондаған адамдар бүкіл әлем бойынша ақпарат алмасу және бөлісу үшін пайдаланатын ең танымал мессенджер. Бұл мессенджердің халық арасындағы танымалдығы алаяқтардың назарынан тыс қалған жоқ.

Бұл материалда Fingramota.kz-пен бірге азаматтардың аккаунттарын бұзудың және қадағалаудың ең кең таралған тәсілдерін қарастырамыз, сонымен қатар алаяқтардың айла-амалдарынан қорғану үшін практикалық кеңестер береміз.

Әлемдік компаниялардың IT-қауіпсіздік қызметі қаншалықты белсенді жұмыс істесе де, алаяқтар әлі де адамдардың WhatsApp-тағы есептік жазбасын бұзудың және оны қадағалап отырудың жолдарын табуда. Мессенджер әзірлеушілері пайдаланушылардың деректерін шифрлау жүйесін жетілдіру бойынша күнделікті жұмыс істейді, бұл алаяқтардың жұмысын қиындатады, дегенмен хакерлер өздерінің жеке мақсаттарын жүзеге асырудың түрлі амалдарын табады.

Телефонда WhatsApp-тағы есептік жазбаны бұзу үшін құрылғыға кіру қажет. Ең қарапайым әдістердің бірі – телефонға шпиондық бағдарлама орнату. Бүгінгі күні оның құрылғыдағы белсенділігін қадағалауға және бақылауға мүмкіндік беретін көптеген осындай қосымшалар бар. Мұндай қосымшалар көптеген елдерде заңсыз деп танылады және бұғатталады. Мысалы, алаяқтар азаматтарды алдаудың фишинг немесе вишинг сияқты танымал әдістерін белсенді түрде қолданады. Қажетті ақпаратты алу үшін алаяқтар

пайдаланушыларға қоңырау шалады немесе сілтемелер жіберуі мүмкін.

Бір реттік код арқылы WhatsApp-ты қалай бұзуға болатыны туралы бірнеше сценарийді қарастырайық.

1. WhatsApp мессенджерін бір реттік код арқылы бұзу. Сіздің телефонның алаяқтар WhatsApp-ты авторизациялайтын коды бар SMS жібереді. Әрі қарай мессенджер арқылы таныс адамнан ол өз шотына кірген кезде кездейсоқ енгізген осы коды қайта жіберуді сұрайтын хабарлама келеді.

Әдетте, бұл жағдайда олар сіздің досыңыздың аккаунты арқылы жазады, ол қазірдің өзінде бұзылған. Бірақ бұл WhatsApp-ты бұзудың жалғыз жолы емес.

2. WhatsApp мессенджері арқылы кездесуге шақыру. WhatsApp арқылы алаяқ сіздің танысыңыздан/досыңыздан кездесуге шақыру жібереді. Әрі қарай, алаяқ кафеге/мейрамханаға тапсырыс беру үшін нөмір иесі көрсетілгенін айтып, бронь кодын жіберуді сұрайды.

Егер сіз осы коды жіберетін болсаңыз, онда алаяқтар сіздің есептік жазбаңызға автоматты түрде қол жеткізеді.

3. WhatsApp мессенджері арқылы қарызға ақша алу. «Сәлем, қарызға N...сомада ақша бөре тұрасың ба. Менің карточкам үйде қалып кетіпті, ақшаны жұбайымның/досымның +7..... нөміріне жібер, кешке қайтарамын».

Соңғы уақытта мұндай хабарлар көпшілік сипатқа ие болып отыр, хакерлер пайдаланушының WhatsApp желісін бұзып, оның атынан достарына, әріптестеріне немесе туыстарына белгілі бір

ақша сомасын қарызға сұрап хабарлар таратады. Мұндай құлықты түсінбей, көп адам ақша жібереді, ал барлығы әшкере болған уақытта ештеңе істей алмайды.

Алаяқтықтан қалай қорғануға болады?

Ең алдымен сақ болу керек және егер мынадай жағдайларда әңгімелесуді дереу тоқтату қажет:

-психологиялық қысым жасау арқылы асықтырса;

-қорқытса немесе сөзіне сенуді өтінетін болса;

-ақша жіберуді, құпиясөзді, PIN-кодты немесе басқа да жеке деректерді айтуды өтінетін болса;

-сілтемені басуды немесе сілтеме бойынша жаңа функцияларды іске қосуды өтінетін болса;

-сіздің жеке деректеріңізді, мысалы, кредиттік картаның немесе банктік шоттың нөмірін, туған күніңізді, құпия сөздеріңізді беруді өтінетін болса;

-хабарды әрі қарай жіберуді өтінетін болса;

-WhatsApp желісін пайдалану мүмкіндігіне ие болу үшін төлем жасауды өтінетін болса.

Өзіңіздің WhatsApp аккаунтыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай ұсынымдарды пайдалану қажет:

1. Диалогты аяқтаңыз және хабарларға жауап беруді тоқтатыңыз. Сізбен әңгімелесуші адамның өтінішін орындамаңыз (мысалы, жеке деректеріңізді бермеңіз, өзіңізге таныс емес сілтемелерге кірмеңіз).

із).

2. Онымен әрі қарай әңгімелесуді тоқтату үшін күдікті пайдаланушыны бұғаттап тастаңыз және шағым жіберу арқылы WhatsApp-қа хабарлаңыз. 3. Конфидендиалдылық теңшеулерін реттеңіз және сіздің ақпаратыңызға қол жеткізе алатын пайдаланушылар ауқымын шектеңіз. Өз аккаунтыңызды қорғауды күшейту үшін екі сатылы тексеруді іске қосыңыз.

4. Ешбір жағдайда ешкімге өзіңіздің тіркеу кодыңызды және екі сатылым тексерудің PIN-кодын айтпаңыз.

5. Телефоныңызға ешкім қол жеткізе алмау үшін телефоныңызға дауыстық поштаға арналған қиын құпиясөз орнатыңыз.

6. Өзара байланысты құрылғыларды тұрақты түрде тексеріп отырыңыз. Сіздің WhatsApp аккаунтыңызбен байланысты барлық құрылғыны көру үшін «Теңшеулер» > «Өзара байланысты құрылғылар» дегенге өтіңіз. Өзара байланысты құрылғыны жою үшін «Шығу» дегенді басыңыз.

Телефоныңызға қол жеткізу үшін басқа адамға рұқсат берген уақытта сақ болыңыз. WhatsApp желісін есептік жазбаның бұзылуы елеулі салдарларға әкелуі мүмкін, сондықтан өзіңіздің қауіпсіздігіңізді тікелей өзіңізге байланысты екенін естен шығармау керек.

Өзіңізді, дербес деректеріңізді сақтаңыз және Fingramota.kz-пен бірге қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!

Аудандық ішкі саясат бөлімінің тапсырысымен.

Сенім телефоны

«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 8-700-467-93-23 телефонына хабарласуға болады.

Жеке қабылдау

«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қудайбергенов Даулет Бериковичтің жеке қабылдау күндері.

Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Сейсенбі	10:00-12:00
Бейсенбі	16:00-18:00

Ескерту: Жеке қабылдауға алдын ала жазылу қажет.

«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023-2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2024 жылдың ақпан айының 23 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алайық

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Жарамсыз деп танылсын

Исаев Мадияр Мансуровичтің иелігіндегі 2013 жылы шығарылған «УАЗ 315195-065» маркалы автокөлігінің «375 ADS/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі және «техникалық төлқұжаты» жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жарамсыз деп танылсын

«Катко» біріккен кәсіпорны ЖШС-гі мекемесінің иелігіндегі 2009 жылы шығарылған «КРАЗ» 6322-0000010 маркалы автокөлігінің «Н1616 13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Хабарландыру

22.02.2024 ж. бастап 06.03.2024 ж. дейін, <https://ecportal.kz/> сайтында «Буденовское» кен орнының №2 учаскесінде «Қаратау» ЖШС қызметінің салдарын жою жоспары» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қаратау» ЖШС. БСН 050740004185. Мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау ауылдық округі, Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 192 үй.

Тел.: +7 (725) 299-73, reception.karatau@karatau.kazatomprom.kz

Әзірлеуші: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС. БСН: 020240001938. Мекен-жайы: 161005, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Сызған ауылы 079 квартал, 5 ғимарат, тел. +77084135260, e-mail: e.panova@iht.kazatomprom.kz

Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық мекенжай: Панова Елена, тел. +77084135260, e-mail: e.panova@iht.kazatomprom.kz

Жоба материалдарымен сайттан танысуға болады ecportal.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Объявления

С 22.02.2024 г. по 06.03.2024 г. на сайте <https://ecportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «ГПлан ликвидации последствий деятельности ТОО «Каратау» на участке №2 месторождения «Буденовское».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Каратау». БИН 050740004185. Адрес: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский сельский округ, село Сарыжаз, квартал 021, дом 192.

Тел.: +7 (725) 299-7373, reception.karatau@karatau.kazatomprom.kz

Разработчик: ТОО «Институт высоких технологий». БИН: 020240001938. Адрес: 161005, Туркестанская область, Сузакский район, Сызганский сельский округ, село Сызган, Квартал 079, здание 5, тел. +77084135260, e-mail: e.panova@iht.kazatomprom.kz

Контакты и электронный адрес, по которому можно получить дополнительную информацию: Панова Елена, тел. +77084135260, e-mail: e.panova@iht.kazatomprom.kz

Ознакомьтесь с материалами проекта можно на сайте ecportal.kz в разделе «Общественные слушания».

Ғасыр індетінен қашық жүріңіз

Адам өмірі басты құндылық, бүгінгі тақырыпты біздің өмірімізге зиян келтіретін адамды өмірден өтуге дейін апаратын зиянды әрекеттер жайында болмақ. Адам өмірін түрлі қатерлерге тігетін адамның қызығушылығын бірден еліктіре алатын, адамның ден саулығына едәуір зиян келтіретін, психотроптық дәрілер жетерлік соның бірі бұл наша кокаин дейді біреулер. Бұл тақырыпты талдамас бұрын жалпы нашақорлық сөзін талдап көрсек.

Нашақорлық- наркомания (грек тілінен нарке-мелшию және мапіа- ессіздік, құтырыну) есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру.

Қазіргі таңда ең өзекті қоғамда түрлі сипатқа ие мәселелердің бірі бұл нашақорлық. Бұл індет, қоғамның барлық тұстарына ойсыратып зиянын

тигізуде, өзіне еліктіріп алатын құрсауына түссен түбі өлімге апаруы мүмкін дүние. Нашақорлықпен күрес үшін әлем елдері қыруар қаржы жұмсалып нашақорлық бизнесіне қарсы іс-қимыл ағеттіктерін құрылған. Бірақ қазіргі таңда құрықтау мүмкін болмай отқан айлакерлердің көптігі, қоғамға адами құндылықтарға зиянын тигізуде. Біздің елімізде бұл бағыттағы жұмыстармен өзге елдерден қалыс қалып жатқан жоқ. Нашақорлықтың алдын алу мақсатында бүгінгі таңда елімізде нарко диллерлерді қолға түсіру мақсатында түрлі операциялар өткізіліп арнайы тінту барысында осы саламен айналысатын көптеген азаматтар құрықталуда. Осы бағыттағы жұмыстарды нығайтуға күш беретін салалардың жұмысын күшейту басты назарда. Елімізде нашақорлықтың алдын алу бойынша атқарылып

жатқан жұмыстар жыл сайын жақсарып жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Қандай да бір қиындықты жеңу үшін бірінші ұзақ мерзімді жоспар құру керек, сол жоспардың орындалуын жете қадағаласа бұл індеттен де арылармыз анық.

Адамдықты ұмытып пайда көзін осындай лас әрекеттермен табатын азаматтар елдің, ескең жас ұрпақтың келешегін ойласа, түбіне жетпейтін дүниенің соңына түсуді қойса, игі іс болар еді. Еліміздің азаматтары бұл заттардың зиянын көрмесе болмашы бір мезеттік дүниелерге адами құндылықтарын жоғалтпаса деген ниетімен. Бұл ғасыр індетін жеңу үшін әр азаматымыз өзінен бастаса бұл заттарға елітіп ерігіп кетпесе еліміз өркендейді.

Махсуда ҚОЖАМҚҰЛОВА,
Шу ауылдық округі
әкімінің кеңесшісі, іс
басқарушысы.

Құмды алқаптың қадірін біл

Созақ ауданы теріскейде орналасқан. Аудан жерінің басым бөлігін шөл және шөлейтті құмды алқап алып жатыр. Қаратау жотасын сексеуілді тоғайлар көмкерген. Бұл өңірдің жер қыртысы бірнеше жарылыстармен қиылған ползелейдің магмалық шөгінді жыныстарынан құралған.

Еліміздің табиғат байлықтарын дұрыс пайдалану мәселесіне зор көңіл бөліп, 1918 жылдың өзінде-ақ табиғатты қорғайтын арнаулы комитет ұйымдастырды. Соның нәтижесінде табиғат байлықтарын дұрыс пайдалануға және қорғауға бағытталған алғашқы заңдар белгіленіп, қабылданды.

Табиғатты қорғау мәселесіне қазір де зор көңіл бөлінуде. Халықаралық табиғатты қорғау одағының шешімі бойынша әр елде табиғат қорлары мен табиғатты қорғау үшін сирек кездесетін, құрып кету қаупіндегі жануарлар мен өсімдіктердің түрлері есепке алынған.

Табиғатты қорғау ісіне барлық азаматтар атсалысуы тиіс. Бұл орайда әсіресе қоғамның жас мүшелерінің белсенділігі ерекше. Олардың көмегімен елімізде жыл сайын көптеген бақтар мен саябақтар ірге көтереді, ондаған тонна мәдени өсімдіктердің тұқымдары мен дәрі-дәрмектік өсімдіктер жиналады. Табиғатты қорғауға тікелей қатынасып, әр азамат материалдық және эстетикалық маңызы бар табиғи ортаны сақтауға, көркейтуге өз үлесін қосады.

Ғанижан ПЕНТАЕВ,
Созақ орман және жануарлар
элементі қорғау мекемесінің орманды
қорғау, күзету бас инженері.

Тері ауруының алдын алу

Теміреткі (дерматомироз) – бұл саңырауқұлақтар тудыратын адам және жануарлардың жұқпалы тері ауруы. Аурудың көзі - осы жұқпамен ауырған адам немесе жануарлар ит, мысық және кіші жастағы науқас балалар болып есептеледі. Аурудың белгілері көбіне денеде, бастың шаш бөлігінде, тырнақта пайда болуы мүмкін, ауру біртіндеп қызғыш немесе қызарған дақтардың пайда болуынан басталып, одан әрі көптеген ошақтарға айналады. Инкубациялық кезеңі 7 күннен-1 айға дейін. Ауру науқас адам немесе жануарлармен тікелей қарым-қатынаста болған жағдайда жұғады, сонымен қатар, науқас адамның заттарын (киім, бас киім, тарақ, қайшы, төсек жабдықтары) қолданған кезде жұғады. Көбіне балалар ауырады, балалар-бақшасында топтасқан түрде таралады. Ауру лабораториялық тәсілмен анықталады. Ауру жұқтырған күннен бастап 2-3 аптадан кейін аурудың белгілері басталады. Теміреткі денеде шыққан жағдайда киім-кешектерін, төсек-орнын міндетті түрде залалсыздандырып отыру керек. Науқас адаммен киім алмастырып киюге болмайды және де қарым-қатынастағылардың барлығы 30 күнге дейін қадағалауға алынады. Аурудың әрбір тіркелген жағдайында үйінде күнделікті дезинфекция жүргізілуі керек. Дерматомироздардың алдын алу үшін: ең бастысы жеке бас гигиена ережелерін сақтау моншада жуынатын легендерді дезинфекциялау, отбасының әрбір мүшесінде жеке бас гигиенасына арналған заттардың болуы. Қоғамдық орындарда болғаннан соң, қолды сабынмен мұқият жуу. Қаңғыбас иттермен қарым-қатынаста болмау. Үй жануарларын ветеринарлық дәрігерге уақытылы көрсетіп, қажетті екпелер алу.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының
басшысы.

Ана бақыты-отбасы бақыты

Ықылым заманнан өзіндік тарихы мол асыл мұрамыздың қайнаған ошағы-кітапхана. Қай-қайсымыз болсақ та кітапханаға бас сұғып, өзімізге қажетті дүниелерді, оның ішінде жанымызға азық болар асыл ақыл-кеңестерді кітаптардан ғана аламыз. Кітап оқыған сайын жан сарайымыз ашылып, білмеке, тани түспекке ұмтыламыз. Ауыл кітапханасынан бастап, аудан кітапханасына дейін өздерінің тұрақты оқырмандары болады. Кітапхана ұжымы да өздерінің тұрақты оқырмандары үшін жанын сала, іздеген кітаптарын тауып беріп алғыс алады, сол алғыстан ләззат алады. Қанша жерден интернет заманы болса да қолыңмен ұстап, сауағыңмен парақтағанға жетпейді. Жантая жатып кітап әлемінің сиқырына ене түсесің. Оқыған дүниенді қасыңдағыларға айтқың келіп тұрады. Айтасың, пікірлесесің соның арқасында адамдармен адами қарым-қатынасың да арта түседі. Осы салада оқырмандарынан ұдайы алғыс пен ризашылық алып жүрген кітапханашылардың бірі-Айтжанова Мәдина Сапақызы. Мәдина ашық жарқын, үнемі келген қонақтарды күліп қарсы алып, күліп шығарып салып, жоғын жанұшыра іздеп тауып беретін, жас оқырмандарға кітап оқудың сыры мен қырын үйрете білген кәнігі кітапханашы. Сонау тауық жылы дүниеге есігін ашып, Ыбырай ата мектебінен тәлім алған қыз жастайынан кітапқа құмар болып өседі. Өйткені, ол уақытта хат танытын баладан, қартайған кісілерге дейін серік, жұбаныш арқылы дария тек осы кітап болатын. Отбасында аға-апаларының жата жастана кітап оқығандарын көріп қызығатын. Өмір ақыры қыры осы кітап әлемімен байланыстырады. Сөйтіп аудан орталығындағы аталмыш мектепті бітірген Мәдина 1987 жылы Жезқазған мәдени-ағарту училищесіне түсіп, аталмыш оқу орнын «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша сексен жетінші жылы бітіріп шығады, Еңбек жолын 1995 жылы Теріскей ауылдық кітапханасы-



на кітапханашы болып бастайды. Мәдинаның ол кітапханасын мен өз көзіммен көргенмін. Көлемі де шағын, кітап қоры да шағын болатын. 2014 жылы Теріскей ауылдық кітапханасының қысқаруына байланысты, аудандық орталық кітапханасына кітапханашы, кітапхана дамыту бөлімінің әдіскері болып орналасады. Аудандық орталық кітапханаға келгенге дейін көп-көрім тәжірибе жинақтап, мамандығының сан тарау жолын зерделеп үйренген Мәдинаға орталық кітапханада жұмыс істеу қиынға соқпайды. Әрине, өмір болған соң білімін жетілдіре түсу заман талабы екенін ерте ұғынған Мәдина 2015 жылы Шымкент шаһарындағы Мұхтар Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша білімін жетілдіріп, замана тілімен айтқанда академиялық «бакалавр» дәрежесін иеленеді.

Қарап отырсаңыз Мәдинаның еңбек өтілі ширек ғасырдан асады, біліктілік категориясы жоғары.

Осы салада еңбек еткен жылдары ішінде «Нұр Отан» партиясы Созақ

аудандық филиалының, «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің, аудан әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының, ҚР Қарулы Күштерінің 30 жыл мерекесі қарсаңында Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің, Созақ кітапханасының құрылғанына 80 жыл. Созақ аудандық мәслихат төрағасының, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Кітапхана саласында жүріп оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленеді. Соның айғағы ретінде ақын Төлеген Кәрібековтың Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай топтастырылған кітабына енеді.

2021 жылы «Тұлға тағылымы» республикалық танымдық әдістемелік журналында кітапхана қыздары тура-

лы жазылған «Алты ару- Алты әлем» жыр шумақтарына енген.

Республикалық «Ел Құрметі» қоғамдық қорының атынан сертификат және осы қордың «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалмен марапатталады.

«Бейбітшілік әлемі» АҚТБ Президенті Халықаралық адам құқығын қорғау комитетінің дипломымен және «Мәдениет майталманы» медалмен марапатталды.

Мәдина ару өткен жылы Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткен біліктілікті арттыру бағытындағы «Тиянақты кітапханашы» жазғы оқу курсына жоғарғы нәтиже көрсеткені үшін сертификатының иегері.

Отбасында жұбайы Сансызбай екеуі алты ұл-қыз бала тәрбиелеп отырған, ынтымағына ырыс ұялаған жанұя. Сансызбай Әлкенұлы жедел жәрдем станциясында көлік жүргізушісі болып бірнеше ондаған жылдардан бері халық денсаулығы жолында қызмет етіп келеді. Мәдина көп балалы ана санатында «Күміс алқа» иегері. Үлкендері Айгүл отбасылы. Одан кейінгі ұлы Айбар әке жолын қуып жедел жәрдем станциясында қызмет атқарып жүр. Екінші ұлдары Айбат аудан әкімдігінде ақпараттық технология-компьютер маманы, Айдана, Алматы өрт сөндіру мекемесінде абыроймен қызмет атқарып келеді. Жалпы, отбасы мүшелерінің барлығы да бір-бір мамандық пен кәсіптің иесі атанып, қоғамға пайдасын тигізіп жүрген азаматтар. Кенжесі Абзал А. Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінде екінші сыныптың оқушысы. Отбасы бақыты мен өз таңдаған мамандығы бақытын ұштастырып, халыққа қалтқысыз қызмет етіп жүрген Мәдина сияқты барша аяулы аруларымыз бен ардақты аналарымыздың ұлағатты жолдары кейінгі ұрпаққа үрдісті үлгі болары анық.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Өзекті мәселелерді қозғаған пікірсайыс

«Ел бастау қиын емес, Қонатын жерден көл табылады.

Қол бастау қиын емес, Шабатын жерден жау табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ.

Шешімін таппас дау бар» деп Бұқар жырау айтқандай қазіргі таңда шаршы топта сөз сөйлеп, өзінің шешендік өнерінді шеберлікпен көрсететін орта ол дебат ойындары.

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері арасында қазіргі қоғамдық мәселерге түрткі болған тақырыптар аясында дебат өтілді. Дебат дегеніміз – пікірсайыс, жарыссөз, айтыс десек те болады. Шешендік өнер мен ой ұшқырлығы сынға түсетін ойын. Дәлелдер мен фактілерге сүйенеді. Дебат тәртіпке



бағынады. АПФ форматында өтілген дебатқа 6 фракция қатысты. Фракциялар төмендегі тақырыптар бойынша сайысты.

Олар: Бұл палата жасанды интеллект еңбек нарығында адамзаттың негізгі

бәсекелесіне айналады деп есептейді есептемейді, Бұл палата мұғалімнің кәсіби дамуы әр мұғалімнің өз жауапкершілігі деп есептейді есептемейді, Бұл палата мектептерде қаржылық сауаттылыққа оқыту керек деп

есептейді есептемейді.

Сайыс қорытындысы бойынша орындар мен номинациялар төмендегіше:

1-орын Орыс тілі секциясы, 2-орын Ағылшын тілі секциясы, 3-орын Химия, Биология, География секци-

ясы. Алғыс хаттар: МИФ секциясы, Тарих секциясы, Бастауыш секциясы.

Номинациялар: Үздік спикер-Байымбет Мөлдір, Үздік лидер- Беккулиева Балжан, Үздік сарапшы- Әлен Назерке.

Дебат арқылы қоғамдық проблемалардың шешу жолдарын қарастырған әріптестерім бұханда басқа түрткі бола білген тақырыптар аясында дебат өткізу керектігі жайлы сөз етті. Көшбасшылық қасиеттерді дамыту, әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру және бар мәселені бірлесіп шешу сияқты салаларда дебаттың оң ықпалы бар.

Бекжан БӨРІБЕКОВ,
Ы.Алтынсарин мектебінің тарих пәні мұғалімі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нұржанай МАЙУСОВА
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.